Бекітемін
№29 «Ай-Керім» бөбекжай-
бақшасының меңгерушісі
К.К. Сайдалиева

# Ертегілер елінде




«Сұңқар» кіші топ

Тәрбиеші:Момынова.С

Шымкент 2022

**Тобы:** «Сұңқар»1-кіші

**Тақырыбы:** «Бауырсақ ертегісі» ертегілер елінде.

**Күні:** 20.12.2022ж

**Білім бағыты:** -Физикалық дамыту;

-Коммуникативтік дағдыларды дамыту;

-Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;

-Шығармашылық дағдыларын,зерттеу іс-әрекетін дамыту;

-Әлеуметтік –эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

**Міндеті:** Қарым қатынас барысында,кейіпкерлердің атын есте сақтауға, өзгелерге құрметпен қарауға тәрбиелеу.Түрлі сенсорлық әсерлермен байыту.Қоршаған ортада бірлесіп әрекет етуді дамыту.

**Мақсаты:** Балалардың танымдық қабілеттерін, білуге құштарлығын,қиялын, зейінін, есте сақтауын, байқағыштығын дамыту.

**Әдіс-тәсілдері:** түсіндіру,сұрақ-жауап,дамытушы ойындар.

**Қолданатын көрнекі құралдар:** Персонаждар,музыка әуені, сенсорикалық ойындар.

| **Қызмет кезеңдері** | **Тәрбиеші қызметі** | **Балалар қызметі** |
|---|---|---|
| **Ұйымдастырушы қозғаушы қызмет түрі** | *Балалар жарты шеңберде отырады.Шаттық шеңберін тәрбиешімен бірге;*<br>*Біз қандаймыз, қандаймыз,*<br>*Шуғылалы таңдаймыз,*<br>*Күлімдеген күндеміз,*<br>*Еш уайымды білмейміз.*<br>*Сәлем достар.*<br><br>*Үстел үстінде кітап, бауырсақ ертегісінің кейіпкерлерінің суреттері жатады* | Жақсы көңіл күймен шаттық шеңберін тәрбиешімен бірлесіп айтады. |

| | | |
|---|---|---|
| **Ұйымдастыру-ізденушілік** | **Тәрбиеші;**-Балалар, ертегі тыңдағыларың келеме?<br>-Менің қолымда ертегі кітап бар, мұнда «**Бауырсақ**» ертегісі жазылған екен. Мен сендерге бауырсақ ертегісін айтып берейін.<br>Ал сендер мұқият тыңдай қойыңдар.<br>-Баяғы өткен заманда ата мен әже өмір сүріпті. Ата әжеге бауырсақ пісіріп берші—депті.Әже бауырсақ пісіріп, бауырсақты суысын деп терезенің алдына қойыпты. Бауырсақ терезеден секіріп түсіп, орманға қарай қаша жөнеліпті.<br>**«Ғажайып сәт»** Топқа әже келіпті.<br>**Әже;** Сәлеметсіңдерме, балалар. Ой қандай әдемі, сүйкімді балалар. Менің бауырсағым секілді екенсіңдер. Мен бауырсағымды іздеп жүрмін.<br>**Тәрбиеші**; Әже, біз сізбен бірге орманға бауырсақты іздеуге бірге барайық. Біз бауырсақты іздеуге көмектесеміз. –Ендеше, кеттік орманға,поезд болып тізбектеліп барайық.<br>**Әже;**-Ендеше балалардың барлығы мынау бауырсағымның суреті бар алқаны тағып, сонан кейін орманға жол тартайық.<br>-**Тәрбиеші;** -Балалар, міне орманға келдік. Орман табиғаты өте тамаша екен.- Ой, мынау ағаштың түбінде бір нәрсе бар сияқты.«**Қоян шыға келеді**»<br>- Сәлеметсіңбе қоян! Біздің бауырсақты көрдіңбе?<br>**Қоян;**-Жоқ, мен айтпаймын. **Тәрбиеші;**-Ендеше, біз саған арнап тақпақ айтып,сенімен бірге ойнаймыз. -Келісесіңбе? | -Әрине. Балалар тәрбиешінің айтқан ертегісін мұқият тыңдайды.<br><br>Балалар әженің келгеніне таңырқай қарайды.<br>-Сәлеметсізбе!<br>Әже айтқандай, балалар бауырсақтың суреті бар алқаны тағып, орманға қарай аттанады.<br>Балалармен тәрбиеші әжемен бірге орманға бауырсақты іздеуге шығады.<br>-Сәлеметсіңбе қоян!<br>Тәрбиеші балалармен бірге «сұр қоян» тақпағын айтып, іс қимылмен орындайды.<br>Балалар қоян айтқандай сол ағаш жаққа қарай |

| | | |
|---|---|---|
| | Қоян;-Жарайды.<br>**Қоян;**- рахмет балалар, көңілім көтеріліп қалды.<br>-Бауырсақ анау ағаш жаққа кетті.Солай қарай жүрсеңдер алдарыңнан шыға келер мүмкін.Ал жолдарың болсын.<br>**«Ағаш түбінен қасқыр шыға келеді»**<br>**Тәрбиеші**;-Сәлеметсіңбе қасқыр.-Қасқыр, сен бауырсақты көрмедіңбе?<br>**Қасқыр;**-Жоқ, айта алмаймын. Меніңкөңіл күйім болмай тұр.Өзім мынау қолымдағы балықтардың түстерін ажырата алмай басым қатып отыр.<br>**Тәрбиеші**;- ендеше біз саған түстерін ажыратуға көмектесіп жіберейік. Ал сен бізге көмектесіп жібер.<br>**Тәрбиеші;** -Ал, қанекей балалар, мұндағы ақ түсті балықты, ақ қалтаға, -ал, қызыл балықты қызыл түсті қалтаға салып жіберейік.<br>**Қасқыр;**- Ой, жарайсыңдар, қандай ақылды бала едіңдер.Енді мені тыңдаңдар, бауырсақ анау шырша түбінде ойнап жатқанын көрген едім.Оны сол жақтан табасыңдар.-Ал, жолдарың болсын!<br>**«Шырша түбінен аю шыға келеді.»**<br>**Тәрбиеші;**-Сәлеметсіңбе аю! Мұнда бауырсақ бар деген еді.-Ол қайда кетті? –Көрмедіңбе?<br>**Аю;**-Сәлеметсіңдерме?- Жоқ, көрмедім. –Менің мазамды алмасаңдар екен. «Аю құлпынайын шашып алады.» ашуланады.<br>**Тәрбиеші**;- Ой, аю сен ашуланба.Біз саған көмектесіп жіберейік.- Қанекей балалар, тақпақ айта отырып, аюдың құлпынайын жинап берейік. | жүреді.<br>-Сәлеметсіңбе қасқыр.<br><br><br><br><br><br><br><br>Балалар балықтардың түстерін ажыратып, қалтаға салып ажыратып береді.<br>Балалар мадақтау алып, әрі қарай шырша жаққа жылжиды.<br>Балалар аюмен кездесіп,оның құлпынайын тақпақ айта отырып, жинап береді. Мадақтау алады.Одан әрмен жылжиды.<br>Балалар аю айтқан ағаш түбіне барады.<br><br><br>Тәрбиеші мен балалар бауырсақ пен түлкінің |

| | | |
|---|---|---|
| | **Аю;**- Ой рахмет балақайлар,жарайсыңдар!-Бауырсақ анау ағаштың түбінде ойнап жүрген болар,сол жақты көрерсіңдер.<br>**«Ағаш түбінде түлкі мен бауырсақ отыр екен**.<br>**Тәрбиеші;**- Сәлеметсіңбе түлкі. Жақсы болдығой, біз бауырсақты іздеп жүрген едік. Мұнда отыр екен ғой.<br>**Түлкі;**- мен бауырсақтың аяқ киімінің бауын өткізе алмай отырмын.Бауырсақ орман ішін әбден аралап, аяқ киімінің бауы ағытылып кетіп, жылап отырған жерінен кездестім.<br><br>**Тәрбиеші;**-Ой түлкі сен қандай мейірімдісің. Біздің ақылды балалар ендеше саған көмектесіп, бауырсақтың бауын өткізіп берсін.Солайма балалар! –Келісесіңдерме?<br>**Түлкі;**-Кездескендерің қандай жақсы болды. –Жарайсыңдар! –Ендеше мен өзімнің орманыма қайтайын.- Сау болыңдар!<br>**«Қорытынды»** | қасына келіп, түлкі айтқандай бауырсаққа көмектесіп, аяқ киімінің бауын өткізіп береді.<br>Балалар мадақтау алады.<br>Түлкімен қоштасады. |

| | | |
|---|---|---|
| **Жетекші-жөндеуші** | -Балалар, бүгі өте қызықты күн болды.- Айтыңдаршы ,біз қайда бардық?<br>-Орманда қандай аңдарды көрдік?<br>-Әже нені іздеп жүр екен?<br>-Бауырсақтың түсі қандай?<br>**Тәрбиеші;-Мінекей әже сіздің бауырсағыңызды таптық.**<br>**Әже;** Рахмет балалар, сендер болмағанда мен бауырсақты іздеп таба алмас едім.-Жүріңдер, атаға бауырсақты апарып берейік. | -Орманға.<br>-Қоян, қасқыр, аю,түлкіні көрдік.<br>-Бауырсақтың түсі сары.<br>Балалар мадақтау алады. |

***Күтілетін нәтиже:***

***Білуі қажет:*** Заттың түстерін ажыратады.Жасалынатын жұмыстарын,тәрбиеші түсіндіргендей жасайды.Мұқият болуды біледі.

***Қалыптасқан түсініктер:****Кез келген жағдайда достар бір біріне көмектесіп, мейірімді болу қажет деп түсінеді.Есте сақтау қабілеттері артып, зейіндері артады.*

***Орындаушылық қабілеті:****Жасайтын жұмысты түсініп, оны жасап, аяғына дейін жеткізуді қалыптастырады.Қызықты ойындар барысында, көңіл күйлері көтеріледі.Саусақ бұлшықеттері шынығып, икемделеді..*




